

ҚЫЛҚАЛАМ

Ақын-жазушылар айтарын сөзбен жеткізсе, суретшілер қауымы бояумен ұғындырады. Оның ішінде адамның портретін салу басқа көріністі бейнелегеннен қиын болса керек. Өйткені портретін салған адамның көңіл-күйі, болмыс-бітімі суреттен айқын танылып тұруы шарт. Біз әншейінде салынған портретке қарап оның қандай мінез-құлыққа ие адам екенін, тіпті ойланып, күліп, болмаса реніншіт бейнеде тұрғанын аңғарамыз. Бұл – суретшінің кәсіби шеберлігін танытатын бірден-бір ерекшелігі. Қылқалам ұстағандардың көбі психолог десек, артық айтқандық болмас. Олай дейтініміз, олар сурет салудан бұрын әр адамның, заттың немесе табиғаттың шынайы болмысына терең көз жүгіртеді. Оны жан-жақты зерттеп, көңіл көкжиегінен өткізіп алғаннан кейін барып салуға кіріседі. Сонда ғана жақсы туынды өмірге келеді.



Суреттер сөйлейді

Б.ҚЫЗЫРХАН

Бұған біз жақында қалалық тарихи-өлкетану музейінде өткен әуесқой суретші Шият Базарбековтің «Портреттер әлемі» атты жеке шығармашылық көрмесінде көз жеткіздік. Онда қарындаш, қарасия, тушь, майлы бояумен салынған портреттердің алпысқа жуығы ілініпті. Әрбір сурет жеке тұлғаның ішкі характері, болмыс-бітімін паш етіп тұрғандай. Қылқалам шеберінің қолынан шыққан картиналарда хандар мен билер, батырлар, өнер адамдары, елімізге еңбегі сіңген қайраткер тұлғалар көрініс береді.

– Сурет өнеріне бала кезімнен қызығамын. Мектеп қабырғасында жүргеннен бастап айналысып келемін. Көбінесе портреттер салу жаныма жақын. Бұл, әрине, сурет өнерінің қиын саласы. Қала, облыс көлемінде өткізілетін жеке көрмелерге қатысып тұрамын. Осы жылға дейінгі еңбегімнің жемісін осы көрме өзі-ақ танытып тұр. Салған картиналарым аз емес. Бұл жерге тек таңдаулыларын ғана іріктеп алып келдім. Енді Павлодар қаласында да көрме ұйымдастыру ойда бар, – дейді Ш.Темірғалиұлы.

Шият Базарбеков 1959 жылдың көктемінде әулиелі Ақкөл-

Жайылмада дүниеге келген. Павлодар педагогикалық училищесін бітірісімен еңбек жолын Ақкөл орта мектебінде сурет пен сызу пәнінің мұғалімі болып бастайды. Кейін Сарықамыс ауылына қоныс аударады. Онда мектеп жанындағы балалар интернатында меңгеруші, одан кейін мәдениет үйінің директоры,

Көрме соңы әсерлі лебіздермен әсем ән, күмбірлеген күйге ұласты. Музей директоры Нағима Смайылова, жоражолдастары Жассерік Сәдуақасов, Дәуренбек Ғабдулин және туыс-туғандары алма-кезек сөз алып, көрме иесіне зор денсаулық, шығармашылығына толағай табыс тіледі. Қызы Динара Базарбекова



құрылыс учаскесінің күрделі жөндеу бөлімінде шебер-ұйымдастырушы, суретші-көркемдеуші, ауылдық кеңестің депутаты, хатшысы, сурет пен сызу пәнінің мұғалімі, тәрбие және оқу ісінің меңгерушісі болып қызмет атқарады.

әке-шешесіне арнап «Қос бәйтерек» әнін әуелетсе, студент Азат Құдайбергенов «Баламишка», «Балдәурен» күйлерін шертті.

«Портреттер әлемі» көрмесін тамыз айының соңына дейін тамашалауға болады.